

Н.Б. Сейсенбек*«Bilim Innovations Group» орталығы**Астана, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0003-2490-631X>*email: s.nureke.b@mail.ru***Т.К. Зайсанбаев***Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті**Алматы, Қазақстан* <https://orcid.org/0009-0003-4894-4326>*email: t_1962@mail.ru*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БІРІККЕН АТАУЛАРДЫҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ НОРМАЛАНУЫ: ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі біріккен сөздердің орфографиялық нормаларында қалыптасқан қайшылықтар мен жазылымдық ала-құлалық кешенді түрде сипатталады. Зерттеу материалы жануар атауларына қатысты 18 сөзді, өсімдік атауларына қатысты 12 сөзді, медициналық терминдерге қатысты 14 сөзді және семантикалық-морфологиялық моделі әртүрлі 10 біріккен сөзді қамтитын жалпы 54 лексемадан құралды. Зерттеуде салыстырмалы талдау, фонетикалық-заңдылықтық талдау, құрылымдық-морфологиялық және семантикалық модельдеу, орфографиялық сөздіктер мен нормативтік анықтағыштарды қарастыру әдістері бірлікте қолданылды. Талдау нәтижесінде қарастырылған біріккен сөздердің шамамен 30 пайызында орфографиялық сөздіктер мен анықтамалықтарда екі не одан да көп нұсқаның қатар қолданысы сақталғаны анықталды. Дауысты дыбыстардың тіркесу ерекшеліктері мен үндестік заңының ескерілмеуі, дыбыстық ықпалдың жазуда көрініс таппауынан туындайтын айтылым–жазылым алшақтығы, морфологиялық тұтастықтың бұзылуы, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер атаулары, медициналық терминдер сияқты күрделі атаулардың жазылымдық үлгілеріндегі жүйесіздік қазақ орфографиясындағы негізгі проблемалық өрістер ретінде көрсетілді. Зерттеу нәтижелері біріккен сөздердің жазылуын қазақ тілінің табиғи фонетикалық жүйесі мен жалғамалы құрылымына негізделген қағидаттар бойынша қайта қарастырудың ғылыми қажеттілігін дәлелдейді. Мақалада ұсынылған тұжырымдар жаңа әліпби негізіндегі емле ережелерін әзірлеу, орфографиялық сөздіктерді жаңарту және мемлекеттік тіл саясатының орфографиялық бағытын ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін практикалық мәнге ие.

This is an Open Access article distributed under the terms of the Creative Commons Attribution License, which permits unrestricted use, distribution, and reproduction in any medium, provided the original author and source are credited.



Түйінді сөздер: орфографиялық норма; біріккен атаулар; фонетикалық жүйе; графика; үндестік заңы; қазақ тілі

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 04.02.2026

Баспаға қабылданған мерзімі: 09.03.2026

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде жазу мәдениеті қоғамның ғылыми, әлеуметтік және мәдени дамуының маңызды көрсеткіші болып отыр. Жазу тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық тілдің дамуы мен сақталуының негізгі тетігі ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ орфографиясын жетілдіру мәселесі отандық тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Қазақ жазуының қалыптасу тарихында емле ережелерін жасау барысында өзге тілдің (әсіресе орыс тілінің) үлгісін негізге алу тәжірибесі кеңінен қолданылды. Соның салдарынан қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына қайшы келетін көптеген орфографиялық шешімдер қалыптасты. Бұл жағдай әсіресе біріккен сөздердің жазылуында айқын көрінеді. Бірқатар атаулардың бірге не бөлек жазылуы нақты ғылыми ұстанымға сүйенбегендіктен, сөздіктер мен анықтағыштарда бірізділік сақталмай отыр.

Соңғы жылдары халықаралық лингвистикада орфографияны тілдің фонетикалық жүйесіне сәйкестендіру мәселесі кеңінен зерттелуде. Әсіресе ағылшын, түрік және өзбек ғалымдары (Demir, 2022; Özkan, 2025) жазу нормаларын қайта қарауда ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарын басшылыққа алудың тиімділігін дәлелдеп отыр. Қазақ тілі жағдайында бұл тәжірибе орфографиялық жүйені жетілдіруде құнды бағдар бола алады. Осыған байланысты қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, фонетикалық ерекшеліктерін және жалғамалы тілдің ішкі заңдылықтарын негізге ала отырып, орфографиялық нормаларды қайта қарастыру қажеттілігі туындайды (Makazhanov, 2014; Hládek, 2020; Toleu, 2022; Baitenova, 2025).

Қазақ тіліндегі орфографиялық нормалардың тұрақсыздығы мен жазылым вариативтілігі тек теориялық мәселе емес, сонымен қатар автоматтандырылған мәтін өңдеу жүйелерін әзірлеуде де нақты қиындық ретінде көрініс табады. Қазақ тілінде емле қателерін автоматты түзетуге арналған зерттеулерде (Yazar, 2025; Toleu, 2022) орфографиялық варианттылық пен норманың бірізді болмауы алгоритмдік өңдеу сапасына әсер ететіні көрсетіледі. Бұл жағдай біріккен атаулардың жазылымын тілдің ішкі фонетикалық және құрылымдық заңдылықтарымен үйлестіріп жүйелеудің практикалық маңызын арттыра түседі.

Халықаралық зерттеулерде агглютинативті тілдердегі орфография мәселелері фонетикалық және морфологиялық қағидаттар тұрғысынан кеңінен талқылануда. Дауыстылардың үндесімі мен оның графикалық көрінісі мәселелері қазіргі зерттеулерде фонетикалық жүйе мен жазу нормасының өзара байланысы аясында қарастырылып келеді (Demir, 2022; Özkan, 2025). Үндестік заңын жазуда бейнелеудің психолингвистикалық және құрылымдық аспектілері сөзді қабылдау мен өңдеуде маңызды рөл атқаратыны көрсетіледі. Сонымен қатар морфологиялық бай тілдердегі орфографиялық норманы автоматтандыру мәселелері соңғы жылдары

деректерге негізделген тәсілдер арқылы зерттеліп, графикалық вариативтілік пен нормалану үдерісінің алгоритмдік деңгейде қиындық туындататыны дәлелденді (Hládek, 2020; Toleu, 2022; Baitenova, 2025). Түркі тілдерінің даму динамикасын корпус және цифрлық ресурстар негізінде талдаған зерттеулер де жазу жүйесінің тұрақтануы мен нормалануының құрылымдық шарттарын айқындайды (Yazar, 2025). Қазақ тіліндегі автоматтандырылған емле түзету мәселелері алғаш А. Макажанов (2014) еңбегінде қарастырылып, кейінгі кезеңде заманауи жасанды интеллект модельдерімен жалғасын тапты. Аталған зерттеулер қазақ тіліндегі біріккен атаулардың жазылымын фонетикалық және құрылымдық заңдылықтармен ұштастыра қарастырудың ғылыми және практикалық маңызын айқындайды.

Зерттеудің мақсаты қазақ тіліндегі біріккен сөздердің жазылуындағы қайшылықтарды айқындап, олардың фонетикалық және құрылымдық заңдылықтарға сәйкес келетін ғылыми негізді қағидаларын ұсыну болса, міндеттерінің қатарына 1) Қазақ орфографиясының қазіргі күйіндегі басты мәселелерін талдау; 2) Біріккен сөздердің жазылуындағы ала-құлалықтың себептерін көрсету; 3) Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сүйене отырып, сөздердің жазылуын біріздендірудің ұстанымдарын айқындау және 4) Орфографиялық нормаларды жетілдірудің ғылыми және практикалық маңызын негіздеу тұжырымдары жатады.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу қазақ тіліндегі біріккен сөздердің орфографиялық нормаларындағы қайшылықтарды сапалық сипаттағы лингвистикалық талдау арқылы айқындауға бағытталды. Зерттеудің эмпирикалық материалын іріктеу бірнеше кезеңмен жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде негізгі нормативтік дереккөздер ретінде «Орфографиялық сөздік» (2013) және Р. Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышы» (2000), сондай-ақ қазіргі мектеп оқулықтары мен оқу құралдары қарастырылды. Осы дереккөздерден біріккен сөздерге жататын, лексикаланған атаулар іріктелді, яғни сөздіктерде бөлек берілуі тоқтаған, біртұтас лексема ретінде танылған бірліктер ғана қамтылды.

Екінші кезеңде зерттеу нысаны нақты семантикалық өрістермен шектелді. Олар: – жануар атаулары (зоонимдер); өсімдік атаулары (фитоаттар); медициналық терминдер; семантикалық-морфологиялық моделі әртүрлі, бірақ жазылымында қайшылықтар байқалатын біріккен атаулар. Мұндай шектеу бір жағынан, табиғи-биологиялық нысандарды білдіретін атауларда фонетикалық ықпал мен морфологиялық тұтастықтың ерекше айқын көрінетіндігімен, екінші жағынан, дәл осы салаларда орфографиялық сөздіктер мен оқу тәжірибесінде варианттар жиі кездесуімен түсіндіріледі.

Үшінші кезеңде іріктеу критерийлері нақты белгіленді. Зерттеуге мынадай талаптарға сай келетін сөздер ғана енгізілді: 1) кемінде бір нормативтік дереккөзде (орфографиялық сөздік, анықтағыш, оқулық) біріккен сөз ретінде тіркелуі; 2) сөздің жазылуында дереккөздер арасында немесе сөздік пен қолданыста вариативтік не күмәнділік болуы (бірнеше нұсқаның қатар жүруі, күтілетін фонетикалық үлгіге сәйкес келмеуі); 3) сөз құрамында дыбыстық ықпалға, дауыстылардың тіркесіміне, морфологиялық тұтастыққа қатысты талдауға мүмкіндік беретін құрылымдық үлгінің болуы; 4) жалқы есімдер, тар диалектілік бірліктер, көнерген, қолданыстан шыққан формалар, сондай-ақ еркін сөз тіркестері іріктеуге енгізілмеуі.

Осы критерийлер негізінде жасалған микрокорпус жануар атауларына қатысты 18 сөзді, өсімдік атауларына қатысты 12 сөзді, медициналық терминдерге қатысты 14 сөзді және семантикалық-морфологиялық моделі әртүрлі 10 біріккен сөзді қамтитын жалпы 54 лексемадан құралды. Мұндай мақсатты (purposeful) іріктеу бір жағынан, біріккен сөздердің жазылуындағы ең типтік фонетикалық және құрылымдық қайшылықтарды көрсетуге, екінші жағынан, материал көлемін шамадан тыс ұлғайтпай, терең сапалық талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, іріктелген біріккен сөздердің жазылуы орфографиялық сөздіктерде, анықтағыштарда, оқу құралдарында және нақты қолданыста (мектеп оқулықтары, бұқаралық ақпарат құралдары) салыстырылды. Фонетикалық-заңдылықтық талдау қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән заңдылықтар негізінде жүзеге асырылып, дауыстылардың тіркесу ерекшеліктері, үндестік заңы, ассимиляция және диссимиляция құбылыстары Ә. Жүнісбектің фонетикаға қатысты еңбектері (2009) мен жалпы фонетикалық модельдер жөніндегі халықаралық зерттеулермен (Nevins, 2010; Berg & Aronoff, 2017) сабақтастырыла қарастырылды.

Сонымен қатар құрылымдық-морфологиялық және семантикалық модельдеу әдістері қолданылды: күрделі және біріккен сөздердің ара-жігін ажыратуда К. Ахановтың грамматика теориясы (2010) мен Ж. Шәкеновтың күрделі тұлғалар жөніндегі тұжырымдары (1991), орфографиялық норма мен тілдік нұсқалардың арақатынасына қатысты Н. Уәлиев пен А. Алдашеваның еңбектеріндегі принциптер (1988) тірек ретінде алынды. А. Байтұрсынұлының емле қағидаттары (2006) мен Р. Сыздықтың орфографиялық анықтама еңбектеріндегі (2000) нормаланған жазылым үлгілері қазіргі әліпби мен емле тәжірибесімен салыстырылып, қайшылықтар айқындалды.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, зерттеу дәстүрлі құрылымдық-құрылымдық талдауды, салыстырмалы-тарихи тәсілді және орфографиялық нормаларды қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық заңдылықтарымен ұштастыра қарастыруға негізделді. Таңдалған материал мен қолданылған әдістер біріккен сөздердің жазылуын ұлттық тілдің дыбыстық және құрылымдық жүйесімен байланыстыра отырып, кешенді сипаттауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі біріккен сөздердің жазылуында бірізділіктің сақталмауына әкеліп отырған бірнеше фактор анықталды. Біріншіден, қолданыстағы әліпби мен орфографиялық ережелер тілдің ішкі заңдылықтарына толық сәйкес келмейтіні байқалды. Қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесін ескермей, өзге тілдердің үлгісі бойынша жасалған ережелер бірқатар қайшылықтарға негіз болған.

Екіншіден, орфографиялық сөздіктер мен анықтағыштарда сөздердің жазылуы әртүрлі нұсқада беріліп, біркелкілік сақталмағаны айқындалды. Мәселен, «шаруашылық» сөзінің тіркесуі арқылы жасалған құрылымдар кейбір дереккөздерде *ауыл шаруашылық* (Сыздық, 2000, б. 387), енді бірінде *ауылшаруашылық* (Уәли, Күдерінова, 2013, б. 86) түрінде кездеседі. Мұндай ала-құлалық сөздердің дұрыс жазылуына күмән туғызып, жазу мәдениетінің тұрақсыздығына себеп болып отыр.

Үшіншіден, жануарлар мен өсімдік атауларының жазылуында да бірізділік жоқ екені анықталды. Мысалы, *аққу, аққоян, аққурай* (Уәли, Күдерина, 2013, б. 39) атаулары бірге жазылса, ал *ақ аю, қоңыр қаз* (Уәли, Күдерина, 2013, б. 18, 34) тәрізді сөздер бөлек жазылады. Бұл сөздердің мағыналық тұтастығына қарамастан, жазылым нормалары ғылыми негізге сүйенбей, шартты түрде белгіленгені байқалды.

Төртіншіден, медициналық терминдер қатарында да жазылуда тұрақсыздық бар. Мәселен, *бұлшықет, көкбауыр, көкет, күретамыр* сияқты сөздер кейде бірге, кейде бөлек жазылып келеді. Нәтижесінде ғылыми терминологияның бірізділігіне нұқсан келеді.

Бесіншіден, біріккен сөздерде дыбыстық ықпал заңдылығы жиі сақталмайды. Мысалы, *Ақбақай, Ақбозат, алақұрт* сияқты сөздер табиғи айтылымда *Ақпақай, Ақпозат, алағұрт* түрінде дыбысталғанымен, орфографиялық сөздіктерде сол заңдылықтар ескерілмей жазылған. Бұл жазу мен айтылым арасындағы алшақтықты арттырып, орфоэпиялық нормалардың бұзылуына әкеліп отыр.

Алтыншыдан, зерттеу барысында ерекше назар аудартқан мәселе – біріккен сөздер құрамындағы қатар келген дауысты дыбыстардың жазылымындағы жүйесіздік. Кейбір сөздерде екі дауысты толық сақталып жазылады (*қараағаш, сарыауыз, екіаяқты*), ал дәл сондай модельдегі басқа біріккен сөздерде алғашқы дауысты түсіп қалады (*қарауыз, алтаяқ, қандағаш*). Сан есімдермен жасалған біріккендер де осы тұрғыдан біркелкі емес: *екіағайынды, екіаяқты, екіұдай* сияқты формалар бірге жазылса, *екі ара, жеті ата, алты айлық* бөлек беріледі. Сын есім + зат есім үлгісінде де бірде дауыстылар сақталса (*сарыауыз, салтыауыз*), бірде түсіп қалады (*саптаяқ, жақсат*). Бұл құбылыс қазақ орфографиясында қатар келген дауыстылардың жазылуын реттейтін ортақ ұстанымның жоқ екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақ орфографиясындағы ең басты мәселенің тілдің ішкі дыбыстық жүйесін елемеуінен туындап отырғанын көрсетті. Жалпы 50-ден астам біріккен сөз қарастырылып, оның шамамен 30%-ында сөздіктерде бірнеше нұсқаның қатар қолданылатыны байқалды. Бұл сандық дерек орфографиялық бірізділіктің әлі де жеткіліксіз екенін дәлелдейді. Егер емле нормалары қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына негізделсе, мұндай қайшылықтар болмас еді (Кесте 1).

Кесте 1. Сөздердің емлесін салыстыру

Сөздің жазылуы	Айтылымы	Сөздіктегі нұсқасы	Ескерту
Ақбақай	Ақпақай	Ақбақай	Дыбыстық ықпал ескерілмеген
Алақұрт	Алағұрт	Алақұрт	Айтылымнан айырмашылық бар
Ақбозат	Ақпозат	Ақбозат	Дыбыстық ықпал ескерілмеген

Жүргізілген зерттеу қазақ орфографиясының басты кемшілігі тілдің табиғи дыбыстық заңдылықтарының ескерілмеуі екенін дәлелдеді. Қолданыстағы емле ережелері негізінен орыс тілінің орфографиялық дәстүріне

сүйеніп жасалғандықтан, қазақ тілінің үндестік заңы мен дыбыс тіркесіміне қайшы келетін көптеген нормалар қалыптасты. Бұл жағдай әсіресе біріккен сөздердің жазылуында анық байқалады.

Фонетикалық заңдылықтардың сақталмауы тек орфографиялық алақұлалыққа ғана емес, сөйлеу мәдениетіне де әсер етіп отыр. Айтылым мен жазылым арасындағы алшақтық қазіргі жастардың сөйлеу дағдыларына ықпал етіп, қазақ тілінің табиғи әуезділігін әлсіретуде. Жазуда дыбыстық ықпалдың ескерілмеуі орфоэпиялық нормалардың бұзылуына әкеліп, тілдің ішкі заңдылықтары мен сыртқы көрінісі арасындағы қайшылықты тереңдетеді.

Зерттеу нәтижелерін бұрынғы ғылыми еңбектермен салыстыра отырып, мәселенің күрделілігі айқындала түседі. Ә. Жүнісбектің фонетикалық жүйе жөніндегі тұжырымдары қазақ тілінде дыбыстардың тіркесу мүмкіндіктері нақты заңдылықтарға бағынатынын көрсетсе, К. Аханов күрделі сөздердің семантикалық тұтастығын басты белгі ретінде қарастырды. Алайда қазіргі орфографиялық тәжірибеде бұл қағидаттар толық ескерілмей отыр. Мысалы, *аққу* сөзі үнемі бірге жазылғандықтан, оның қудың бір түрі екендігі ұмыт бола бастаған, ал *ақ аю* сияқты тіркестердің бөлек жазылуы біртұтас атау ретіндегі мағынасын көмескілеп жіберген.

Сонымен қатар халықаралық тәжірибеге назар аударсақ, түрік және өзбек орфографиясында біріккен сөздердің жазылуы ұлттық тілдің ішкі фонетикалық заңдылықтарына негізделіп жасалғанын байқаймыз. Түрік тілінде орфографиялық нормалар негізінен үндестік заңына сүйенсе (Berg & Aronoff, 2017), ағылшын тілінде морфологиялық құрылымға басымдық берілген (Nevins, 2010). Қазақ тіліндегі біріккен сөздер осы екі үлгінің тоғысында қарастырылуы тиіс. Бұл тәжірибе қазақ тілінде де тиімді пайдаланылуы мүмкін. Егер орфографиялық нормаларды қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендірсек, біріккен сөздердің жазылуындағы алақұлалық азайып, ұлттық жазу жүйесі табиғи қалыпқа түсер еді.

Заманауи тіл саясаты тұрғысынан алғанда, орфографияны жетілдіру мәселесі стратегиялық маңызға ие. Қазақстанда латын әліпбиіне көшу процесі жүріп жатқан қазіргі кезеңде жазу нормаларын қайта қарау – тек техникалық өзгеріс емес, ұлттық тілдің табиғи болмысын сақтап қалудың кепілі. Егер жаңа әліпби мен емле ережелері тілдің фонетикалық заңдылықтарын ескермесе, бұрынғы қайшылықтар қайталанып, тіл саясатының басты мақсатына жету қиын болады. Сондықтан орфографиялық реформаның негізгі бағыты – қазақ тілінің жалғамалы сипатын, дыбыстық үндестік заңын, біріккен сөздердің табиғи құрылымын ескерген ғылыми негізделген ережелерді қабылдау болуы тиіс.

Осылайша, талдау қазақ орфографиясының болашағы ұлттық тілдің фонетикалық ерекшеліктерін басшылыққа алу арқылы ғана айқындалатынын көрсетті. Емле ережелері дауыссыз дыбыстардың тіркесу заңдылықтарын, дауыстылардың үндесуін және сөздердің семантикалық тұтастығын ескерген жағдайда ғана жазу мен сөйлеудің арасындағы сәйкестік қамтамасыз етіледі. Бұл міндет қазіргі тіл саясатының өзегімен және латын әліпбиіне көшудің стратегиялық мақсаттарымен үйлеседі.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу қазақ орфографиясындағы басты қайшылықтардың тілдің ішкі фонетикалық жүйесін ескермей жасалған емле ережелерінен

туындайтынын көрсетті. Біріккен сөздердің жазылуы ғылыми негізге емес, өзге тілдердің үлгісіне сүйенгендіктен, сөздіктерде бірізділіктің сақталмауына, жазу мен айтылым арасындағы алшақтықтың артуына себеп болды. Зерттеудің нәтижесінде біріккен сөздердің жазылуындағы мынадай заңдылықтар мен мәселелер айқындалды: 1) кейбір сөздердің (*рақмет – рахмет – рақымет*) бірнеше нұсқада қатар қолданылуы орфографиялық жүйенің тұрақсыздығын дәлелдейді; 2) жануарлар мен өсімдік атауларының (*аққу, аққоян, аққурай* және *ақ аю, қоңыр қаз*) жазылуы бірізді қағидатқа бағынбайды; 3) ғылыми терминдерде (*бұлышықет, көкбауыр, көкет, күретамыр*) да жазылымдағы ала-құлалық бар; 4) біріккен сөздерде дыбыстық ықпал заңдылығы сақталмағандықтан (*Ақбақай → Ақпақай, алақұрт → алағұрт*), айтылым мен жазылым арасындағы айырмашылық күшейіп отыр.

Ғылыми ізденіс біріккен сөздердің жазылуын қазақ тілінің табиғи фонетикалық жүйесі мен жалғамалы тіл заңдылықтарына сүйеніп қайта қарастыру қажеттігін негіздеді. Бұған дейінгі зерттеулерде мәселе жеке мысалдармен ғана сипатталса, бұл жұмыста орфографиядағы қайшылықтар жүйелі түрде талданып, біріккен сөздердің жазылуына қатысты жаңа ғылыми ұстанымдар ұсынылды. Ал жұмыстың практикалық маңыздылығы сол, зерттеу нәтижелері қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерін жаңартуда, жаңа әліпби негізіндегі емле ережелерін әзірлеуде, сондай-ақ жалпы тіл саясатының ғылыми негізін күшейтуде пайдалануға болады. Біріккен сөздердің жазылуын фонетикалық заңдылықтарға сәйкес ретке келтіру мектеп оқулықтарының сапасын арттыруға, сөйлеу мәдениетін қалыпқа келтіруге және ұлттық жазу жүйесін тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, қазақ орфографиясының болашағы тілдің табиғи заңдылықтарын басшылыққа алу арқылы ғана айқындалмақ. Алынған нәтижелер болашақта жаңа латын графикасына негізделген қазақ орфографиялық сөздігін жасау кезінде тікелей пайдалануға болады. Бұл қазақ тілін оқытуға арналған оқу құралдарының сапасын арттыруға да мүмкіндік береді. Орфографиялық нормаларды ұлттық тілдің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестендіру қазіргі кезеңдегі латын әліпбиіне көшу процесінің табысты жүзеге асуына және мемлекеттік тіл саясатының тиімді орындалуына негіз болмақ.

Қаржыландыру: Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қолдауымен «АР23489392 Қазақ сөздеріндегі дыбыс тіркесімінің бұзылуын автоматты түрде анықтайтын ІТ бағдарлама» ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы: Өлке, 2010. 239 б.
- Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 4 том. Алматы: Алаш, 2006. 320 б.
- Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы: Арыс, 2009. 312 б.
- Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000. 527 б.
- Уәли Н., Күдерінова Қ., Фазылжанова А., Исаева Ж., Әміржанова Н., Әмірбекова Н. Орфографиялық сөздік. Алматы: Дәуір, 2013. 720 б.
- Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. Алматы: Ғылым, 1988. 113 б.

- Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. Алматы: Ана тілі, 1991. 120 б.
- Baitenova, L., Tussupova, S., Mambetov, S., Munaitbas, G., & Mukhamejanova, G. (2025). Hybrid artificial intelligence architectures for automatic text correction in the Kazakh language. *Frontiers in Artificial Intelligence*, 8, 1–20. <https://doi.org/10.3389/frai.2025.1708566>
- Berg, K. & Aronoff, M. (2017). Self-organization in the spelling system. *Language*, 93(1), 37–63. <https://doi.org/10.1353/lan.2017.0001>
- Demir, N. (2022). Vowel harmony in Laz Turkish: a case study in language contact. *Linguistics Vanguard*, 8(1), 531–543. <https://doi.org/10.1515/lingvan-2021-0055>
- Hládek, D., Staš, J. & Pleva, M. (2020). Survey of Automatic Spelling Correction. *Electronics*, 9(10), 2–29. <https://doi.org/10.3390/electronics9101670>
- Makazhanov, A., Makhambetov, O., Sabyrgaliyev, I. & Yessenbayev, Z. (2014). Spelling correction for Kazakh. *Springer: Lecture Notes in Computer Science*, 8404, 533–541. https://doi.org/10.1007/978-3-642-54903-8_44
- Nevins, A. (2010). Locality in vowel harmony. *Linguistic Inquiry*, 41(3), 385–408. https://doi.org/10.1162/LING_a_00001
- Özkan, Z. G., Özdemir, B., Gomez P. & Perea M. (2025). The distinctive role of vowel harmony in visual word recognition. *Quarterly Journal of Experimental Psychology*, 1536–1546. <https://doi.org/10.1177/17470218241277683>
- Toleu, A., Tolegen, G., Mussabayev, R., Krassovitskiy, A. & Ualiyeva, I. (2022). Data-driven approach for spellchecking and autocorrection. *Symmetry*, 14(11), 2–16. <https://doi.org/10.3390/sym14112261>
- Yazar, T., Kutlu, M. & Bayırlı, İ.K. (2025). Turkronicles: diachronic resources for the fast evolving Turkish language. *Language Resources & Evaluation*, 59, 3765–3797. <https://doi.org/10.1007/s10579-025-09857-w>

References

- Ahanov, K. (2010). *Grammatika teoriyasynyn negizderi* [Foundations of Grammatical Theory]. Almaty. (in Kaz).
- Baitursynuly, A. (2006). *Kop tomdyk shygarmalar zhinagy*. 4 tom [Collected Works in Multiple Vols. Vol. 4.]. Almaty. (in Kaz).
- Baitenova, L., Tussupova, S., Mambetov, S., Munaitbas, G. & Mukhamejanova, G. (2025). Hybrid artificial intelligence architectures for automatic text correction in the Kazakh language. *Frontiers in Artificial Intelligence*, 8, 1–20. <https://doi.org/10.3389/frai.2025.1708566>
- Berg, K. & Aronoff, M. (2017). Self-organization in the spelling system. *Language*, 93(1), 37–63. <https://doi.org/10.1353/lan.2017.0001>
- Demir, N. (2022). Vowel harmony in Laz Turkish: a case study in language contact. *Linguistics Vanguard*, 8(1), 531–543. <https://doi.org/10.1515/lingvan-2021-0055>
- Hládek, D., Staš, J. & Pleva, M. (2020). Survey of Automatic Spelling Correction. *Electronics*, 9(10), 2–29. <https://doi.org/10.3390/electronics9101670>
- Makazhanov, A., Makhambetov, O., Sabyrgaliyev, I. & Yessenbayev, Z. (2014). Spelling correction for Kazakh. *Springer: Lecture Notes in Computer Science*, 8404, 533–541. https://doi.org/10.1007/978-3-642-54903-8_44
- Nevins, A. (2010). Locality in vowel harmony. *Linguistic Inquiry*, 41(3), 385–408. https://doi.org/10.1162/LING_a_00001

- Özkan, Z. G., Özdemir, B., Gomez P. & Perea, M. (2025). The distinctive role of vowel harmony in visual word recognition. *Quarterly Journal of Experimental Psychology*, 1536–1546. <https://doi.org/10.1177/17470218241277683>
- Syzdik, R. (2000). *Kazak tilinin anyktagyshy* [Kazakh language guide]. Astana. (in Kaz).
- Shakenov, Zh. (1991). *Kazak tilindegi kurdeli sozder men kurdeli tulgalар* [Compound words in Kazakh]. Almaty. (in Kaz).
- Toleu, A., Tolegen, G., Mussabayev, R., Krassovitskiy, A. & Ualiyeva, I. (2022). Data-driven approach for spellchecking and autocorrection. *Symmetry*, 14(11), 2–16. <https://doi.org/10.3390/sym14112261>
- Ualiev, N., Kuderinova K., Fazylzhanova A., Isaeva J., Amirzhanova A. & Amirbekoba N. *Orfografiyalyk sozdik* [Dictionary of Orthography]. Almaty. (in Kaz).
- Ualiev, N. & Aldasheva, A. (1988). *Kazak orfografiyasindagy kiindyktar* [Difficulties in Kazakh orthography]. Almaty. (in Kaz).
- Yazar, T., Kutlu, M. & Bayırlı, İ.K. (2025). Turkronicles: diachronic resources for the fast evolving Turkish language. *Language Resources & Evaluation*, 59, 3765–3797. <https://doi.org/10.1007/s10579-025-09857-w>
- Zhunisbek, A. (2009). *Kazak fonetikasy* [Kazakh phonetics]. Almaty. (in Kaz).

Н.Б. Сейсенбек

Центр «Bilim Innovations Group»

Астана, Казахстан

Т.К. Зайсанбаев

КазНМУ им. Асфендиярова

Алматы, Казахстан

ОРФОГРАФИЧЕСКАЯ НОРМАЛИЗАЦИЯ СЛИТНЫХ НАИМЕНОВАНИЙ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: ФОНЕТИЧЕСКИЕ И СТРУКТУРНЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация. В статье комплексно описываются разночтения и несогласованность в орфографических нормах написания слитных слов в современном казахском языке. Материал исследования включает 54 лексемы: 18 названий животных, 12 наименований растений, 14 медицинских терминов и 10 слов с различными семантико-морфологическими моделями. В работе применены методы сравнительного анализа, фонетического анализа, структурно-морфологического и семантического моделирования, а также сопоставительное изучение орфографических словарей и нормативных справочников. Анализ показал, что примерно у 30% рассмотренных слитных слов в орфографических словарях и различных справочных изданиях встречаются две и более параллельные формы написания. Несоблюдение закономерностей сочетания гласных и закона гармонии, отсутствие отражения фонетического влияния в письме, расхождение между произношением и графической формой, нарушение морфологической целостности, а также наличие несистемных моделей написания названий животных, растений и медицинских терминов определены как основные проблемные зоны казахской орфографии. Полученные результаты подтверждают необходимость пересмотра написания слитных слов на основе внутренних закономерностей казахского языка,

его естественной фонетической структуры и агглютинативных особенностей. Представленные выводы обладают практической значимостью для разработки правил орфографии нового алфавита, обновления орфографических словарей и научного обоснования орфографического направления государственной языковой политики.

Ключевые слова: орфографическая норма; слитные наименования; фонетическая система; графика; закон гармонии гласных; казахский язык

N.B. Seisenbek

«Bilim Innovations Group» Center

Astana, Kazakhstan

T.K. Zaisanbayev

KazNMU named After Asfendiyarov

Almaty, Kazakhstan

ORTHOGRAPHIC STANDARDIZATION OF COMPOUND UNITS IN THE KAZAKH LANGUAGE: PHONETIC AND STRUCTURAL ASPECTS

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of inconsistencies and variations observed in the orthographic norms of compound words in the modern Kazakh language. The research material consists of 54 lexical items, including 18 names of animals, 12 names of plants, 14 medical terms, and 10 words representing diverse semantic and morphological models. The study employs comparative analysis, phonetic-pattern analysis, structural-morphological and semantic modeling, as well as a comparative examination of orthographic dictionaries and normative reference sources. The findings reveal that approximately 30% of the compound words under consideration appear in two or more parallel written forms across different orthographic dictionaries and reference publications. Major problematic areas of Kazakh orthography identified in the study include the inconsistent application of vowel harmony rules, the lack of reflection of phonetic assimilation in writing, discrepancies between pronunciation and orthographic representation, the violation of morphological integrity, and the presence of unsystematic spelling patterns in the names of animals, plants, and medical terms. The results underscore the necessity of revising the spelling conventions of compound words in accordance with the internal linguistic laws of Kazakh, its natural phonetic structure, and its agglutinative nature. The conclusions presented in the article hold practical significance for the development of orthographic rules based on the new alphabet, the updating of orthographic dictionaries, and the scientific justification of orthographic directions within state language policy.

Keywords: orthographic norm; compound units; phonetic system; graphics; vowel harmony; Kazakh language

Авторлық үлестер

Сейсенбек Н.Б. – тұжырымдама, әдіснама, деректерге жетекшілік ету, формалды талдау, жазу – бастапқы нобай, жазу – шолу және редакциялау.

Зайсанбаев Т.К. – тексеру, қадағалау, ресурстар, жобаны әкімшілендіру, жазу – шолу және редакциялау.